

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ДЕРЕКҚОР ЖАСАУ

Меңғалиев Данияр Маратұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ақпараттық технологиялар
факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ермекова Набира Сағидуллақызы

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Информатика және ИОӘ кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, Талдықорған, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Байғожанова Д.С.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі: Қазіргі заманда, қоғамымызда қалыптасып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты өндіріс орындарында, мекемелерде заман талабына сай кейбір кәсіптердің немесе мамандықтардың қысқарып жойылуына және басқаша жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты кәсіби бағдар жұмыстарын жандандыру мәселелері күннен күнге *өзекті* де маңызды мәселелерге айналууда.

Кәсіби бағдарды – қоғам мүддесі мен жеке бас мүддесін кәсіби жағынан өзіндік қалыптастыруды реттеуді басқарудың тиімді міндеттерін шешу мақсатындағы *ғылыми бағыт* деп түсіну керек.

Жалпы «кәсіби бағдар» ұғымы шет мемлекеттерде жоқ, бірақ, «мансапты өсіру немесе дамыту» ұғымы бар. Career Development ұғымы өте жоғары деңгейде және әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілген, жақсы дайындалған мамандардың арнайы ұйымдастырған орталығы жүзеге асырылатын іс-әрекеттің кеңейтілген түрін береді [1].

Ең алғашқы кәсіби бағдар қызмет XX-жүзжылдықтың 20-жылдарында Францияда пайда болды. *Францияда* кәсіби бағдар бойынша мамандар дайындауға үлкен көңіл бөлінеді және олар төрт институтта жүргізіледі.

Канадада жоғары оқу орындарында бітіруші курстарына бағытталған кәсіби бағдар жұмысы, «таңдау орталығы» арқылы жүзеге асырылады.

Ал, Жапонияда кәсіби бағдар берудің ерекше түрі қолданылады. Мұнда мансап таңдаудың өте керемет ғылыми әдістемесі жасалған. Оның негізін қалаған автор Асия университетінің ректоры профессор Фукуяма. Оның құрметіне жүргізілетін бақылау формасы «F-тест» (Fukuяama-тест) атауы қабылданған. Автор кәсіп таңдауда негізгі үш факторды ерекшелейді: *өзіңді тексеру, мамандықты талдау және кәсіби тестілер*. Жапониядағы оқушылар 7-9 сыныптардан бастап, жыл сайын өздерін 16 мамандық бойынша сынайды. Бұдан басқа, кәсіби бағдар жөніндегі мағлұматтарға сараптама жасауды, болашақ мамандықты таңдау бойынша ұсыныстар алуды, алынған нәтижелерге мониторинг жасауды және бос орындар мен жұмыс берушілер жөніндегі деректер қорын сүйемелдеуді жүзеге асыратын *бағдарламалық өнімдер* бар [2].

Сонымен қатар, қарастырылып отырған жүйенің бірнеше *кемшіліктерін* атап өтуге болады. Атап айтар болсақ:

- кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізудің әдістемелік негіздерінің жеткіліксіз болуы;
- талапкерлердің мамандығы мен білім алуына қойылатын заманауи талаптар есепке алынбайды;
- өткізілген кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу сараптамасы негізінде болашақ мамандықты таңдау бойынша кеңейтілген ұсыныстар қалыптаспаған;
- кәсіби бағдар жұмыстары жөнінде жекелей көмек алу мүмкіндіктері аз.

Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу тәсілдерін сүйемелдеудің ақпараттық жүйелерін жобалау мен деректер қорын құру жөнінде жүргізілетін зерттеу жұмыстары жоғарыда аталған кемшіліктерді жоюға мүмкіндіктер жасайды.

Біз зерттеу жұмысымызда алдымен, «деректер қоры» жөніндегі ұғымдарға нақты анықтамалар беруден бастағанды жөн көрдік. Әрине «Деректер қоры» бойынша қарастырылатын тақырыптар оқу әдебиеттерінде және ақпараттық құралдарда немесе сайттарда жеткілікті, олар әртүрлі дерек көзінде әр түрлі мағлұматтарды қамтиды. Осы мағлұматтарды саралап, қандай да бір жүйеге әкелу мен оларды тиімді қолдана білуді ұйымдастыру мәселелерін зерттеуді біз алдымызға *мақсат* етіп қойдық.

Алдымен, деректер қоры – дегеніміз не? Оны қандай мақсатта тиімді қолдануға болады? - деген сұрақтарға тоқталып өтелік.

Жалпы алғанда деректер қоры дегеніміз – бұл көптеген ақпараттарды сақтайтын бағдарлама. Мысалы: Бизнеске арналған шығын деректер қоры үшін, "Сатып алушы деректер қорында тарату мен есеп беру хаттарын жасау мақсатындағы сатып алушылар туралы ақпараттың тізімі сақталады" – деген сияқты қарапайым мәліметті жазып қоюыңызға болады. Егер деректер қорлары корпоративтік жағдайларда жиі орын алатындай күрделірек болып және оны көптеген адамдар пайдаланатын болса, онда оның мақсаты жай ғана бір немесе бірнеше тармақ болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, қажетті деректер қорын әр адамның қашан және қалай пайдаланатыны толық көрсетілуге тиіс.

Сонымен қатар, деректер қорының мақсаты қандай? - деген сұрақтарға жауап берер болсақ: деректер қорының мақсаты – қандай да бір ақпараттарды сақтап алу, сақталған ақпараттардың жұмысын оңайлату.

Ендігі жерде, жалпы кәсіби бағдар жөнінде айтатын болсақ. Жоғарыда айтып кеткендей, кәсіби бағдар қазіргі кезде өте жақсы сұранысқа ие және оны көбінесе жоғары оқу орындарында көп қолданады.

Кәсіби бағдар беру саласы күрделі де алуан түрлі. Кәсіби бағдар беру ісін жүргізу мамандарды даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін жаңаша түрде қайтадан қалпына келтірудің манызды құралы болып табылады.

Мақаланың мақсаты. Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізудің ақпараттық жүйелерін жобалау және деректер қорын құру. Нақты *зерттеу объектісі* ретінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар факультеті алынды.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты

– аталған Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетінің негізгі заманауи тұрғыда білім беру бөлімдерінің кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыруға арналады. Нәтижесінде, кәсіби бағдар беру жөніндегі барлық мағлұматтар жинақталып, база құрылады және осы база негізінде кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстар автоматтандырылады.

Зерттеу жұмысының негізгі материалдарын баяндау. Кәсіби бағдарды жүргізу барысында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде он төрт факультет бар. Соның ішінде ақпараттық технологиялар факультеті зерттеу нысанын ретінде алынды.

Ақпараттық технологиялар факультеті бойынша кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізудің деректер қорын әзірлеу үшін:

- алдымен, әрбір кафедрада орындалатын іс-шаралардың жоспары жасалды;
- әрбір кафедраларға кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласының мектептері бөлініп берілді;

- әрбір мектепке профессорлық оқытушылар құрамы бекітілді;

Деректер қорын автоматтандыру және жұмыстың сапасын арттыру үшін, біз келесі критерияларды қарастыру керекпіз:

- Деректер қорына кәсіби бағдарламалық жаңа ақпаратты енгізу мүмкіншілікті жасау;

- Деректер қорында енгізілген деректерімізді өзгерте алу;

- Дерекқорда сақталған қолданушылардың деректерін талпқа сәйкес автоматты түрде өңдеу;

- Дерекқорда жаңа оқу орынын функциясын қосу;

- Дерекқормен жұмыс жасауды автоматтандыру үшін қажетті функциялармен қамту(қосу,жою,өзгерту);
- Қолданушыға қашықтан жұмыс жасау мүмкіншілігін беру;
- Қолданушыға түсінікті әрі қолайлы интерфейс ұсыну;
- Ұсынып тұрған бағдарламада видео конференциямен және чатті іске қосу.
- Берілген бағдарламада деректерді түрлендіруге сәйкес ережелерді орнату қажет.Сондай - ақ дерекқорда белгілі бір жұмыстарды атқару үшін статус қажет ететін болады (администратор, профессор,заведующий т.б.), статусқа сәйкес бағдарлама ізденушіні бөлетін болады.

Тұжырым және ұсыныс: Білім беру бағытындағы шетелдік және отандық зерттеулерді негізге ала отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын төмендегіше талапқа жауап беруі тиіс деген тұжырымға келдік:

- оқушыларды орта, кәсіби және жоғары мектептер мен оқу - өндірістік кәсіпорындарының, кәсіптік-техникалық оқу орындарының мамандықты саналы таңдауға даярлаудағы тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын, оның мазмұны бұл жұмыстарды іске асырудың құралдары мен әдістерін қамтитын әдістемелік жүйемен қамтамасыз етілуі керек;
- жүйе орта, кәсіби және жоғары мектеп бойынша қамтамасыз етуге тиіс;
- ол орта, кәсіби және жоғары мектептер мен оқу - өндірістік кәсіпорындарының, бүкіл кәсіптік бағдар беру жұмыстарын нақты ұйымдастыруға міндетті;
- кәсіптік бағдар беру жүйесі білімгерлердің мамандықты саналы таңдауға дайындығын қалыптастыруы керек. Сонымен, ХХІ ғасырды білімділер ғасыры десек, ғылым мен білім саласында еңбек ететін жастарымыздың алдында үлкен жауапкершіліктер тұр. Демек, сол жастарға кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына бағдар беру – басты мақсатымызға айналуы тиіс [3].

Зерттеу жұмысының маңыздылығы:

- кәсіби бағдар ұғымы әлеуметтану және педагогика жағынан өте жақсы зерттеліп, білім беру жүйесінде қолданылуы;
- сондай-ақ, кәсіби бағдардың негізгі принциптерін автоматтандырып, оны университетіміздің барлық факультеттеріне, тіпті еліміздің басқа да орта, кәсіби және жоғары оқу орындарына ұсынуға болатындығы.

Қорыта келе, нақты зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізудің ақпараттық жүйесі жобаланып, деректер қоры құрылады.

Келешекте, зерттеу жұмысының нәтижесі: кәсіби бағдар беру жөніндегі барлық мағлұматтар жинақталып, база құрылады және осы база негізінде университеттің кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстары автоматтандырылады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жүргізілетін кәсіби бағдар жұмыстарының тиімді жақтарын келешекте, жоғары оқу орындарының білім сапасын арттыру мен кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білу мақсатында – өз еліміздің және ТМД мемлекеттерінің жоғары оқу орындарына ұсынуға болады деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Муратова А.А. Профориентация учащихся: зарубежный опыт. http://www.cls-kuntsevo.ru/portal_proforientir/prof_obuch_uchashihsya_zarubezgom_zarub_opit.php
2. Профориентация. Тесты профориентации: Комплекс методик для профессиональной ориентации. Профориентация школьников. Режим доступа: <http://www.effecton.ru/730.html> (дата обращения 09.05.2012).
3. Байғожанова Д.С., Ульман М., Байғожанов Ә.М., Меңғалиев Д.М. Жоғары оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру әдістері. / /East European Scientific Journal: Warsaw, Poland, №3, 2015. - С. 11-18.